

**«Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың хаттамалары мен нұсқамаларының нысандарын, сондай-ақ оларды жасау мен шығару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 8/624 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 22 қазандағы № 15-05/941 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 қарашада № 12297 болып тіркелді

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың хаттамалары мен нұсқамаларының нысандарын, сондай-ақ оларды жасау мен шығару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 8/624 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9061 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 79 (28303) санында жарияланған) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Хаттамалары мен нұсқамаларының нысандарын, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасау мен шығару Қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;

Көрсетілген бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға ж і б е р і л у і н ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 22 қазандағы  
№ 15 - 05 / 941 бұйрығына

1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2013 жылғы 3 желтоқсандағы  
№ 8 / 624 бұйрығына

1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі/Министерство  
сельского хозяйства Республики Казахстан

---

өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі/  
территориальное  
подразделение уполномоченного органа в области защиты растений

---

почтальық мекенжайы, телефон, телефакс/почтовый адрес, телефон, телефакс

**Өсімдіктерді қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық  
туралы хаттама/Протокол об административном правонарушении в  
области защиты растений**

«\_\_» \_\_\_\_\_

хаттаманың жасалған күні/ (хаттаманың жасалған орны)/(место составления  
протокола)  
дата составления протокола

1. Хаттама толтырушы лауазымды адамның қызметі, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә)/Должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии) (далее – Ф.И.О.) лица, составившего протокол

---

2. Оған қатысты іс қозғалған тұлға туралы мәліметтер/Сведения о лице,  
в отношении которого возбуждено дело

Жеке тұлғалар үшін/для физических лиц:

- 1) Т.А.Ә./Ф.И.О. \_\_\_\_\_;
- 2) туған күні, айы, жылы/дата рождения \_\_\_\_\_;
- 3) тұрғылықты жері/место жительства \_\_\_\_\_;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері/наименование и реквизиты документа, удостоверяющего личность \_\_\_\_\_;
- 5) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН)/ индивидуальный идентификационный номер (далее – ИИН) \_\_\_\_\_;
- 6) тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер/сведения о регистрации по месту жительства \_\_\_\_\_;
- 7) жұмыс орны/место работы \_\_\_\_\_.

Заңды тұлғалар үшін/для юридических лиц:

- 1) атауы/наименование \_\_\_\_\_
- 2) орналасқан жері/место нахождения \_\_\_\_\_
- 3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) нөмірі және күні/номер и дата государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица \_\_\_\_\_;
- 4) бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)/бизнес-идентификационный номер (далее – БИН) \_\_\_\_\_;
- 5) банктік деректемелері/банковские реквизиты \_\_\_\_\_

3. Қаралатын іс бойынша іс жүргізу тілі/Определить язык производства по рассматриваемому делу \_\_\_\_\_

4. Куәлер, жәбірленушілер (Т.А.Ә., тұрғылықты жері, телефон)/Свидетели, потерпевшие (Ф.И.О., местожительство, телефон) \_\_\_\_\_

5. Куәгерлер/Понятые \_\_\_\_\_

6. Құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты және мәні, сондай-ақ «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының бұзылған нақты баптары мен тармақтары/ Место, время совершения и существо правонарушения, а также конкретные статьи

и пункты нарушенного Закона Республики Казахстан от 3 июля 2002 года «О защите растений» \_\_\_\_\_

7. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қандай баптары (тармақтары) бұзылған/Какие статьи (пункты) Кодекса Республики Казахстан от 5 июля 2014 года «Об административных правонарушениях» (далее – Кодекс) нарушены \_\_\_\_\_

8. Оған қатысты іс жүргізіліп жатқан тұлғаның Кодекстің 744-бабында ұсынылған процессуалдық құқықтарымен таныстырылғаны туралы қолы/Подпись лица, в отношении которого ведется дело, об ознакомлении с процессуальными правами, предоставляемого статьей 744 Кодекса \_\_\_\_\_

9. Оған қатысты іс қозғалған жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің түсініктемелері/Объяснения физического лица или представителя юридического лица, в отношении которого возбуждено дело \_\_\_\_\_

10. Қарсылық, бағынбаушылық көрсетілді ме?/Было ли оказано сопротивление, неповиновение \_\_\_\_\_

11. Қолы, тегі, аты-жөні/Подписи, фамилия, инициалы:

1) хаттаманы жасаған тұлғаның/лица, составившего протокол \_\_\_\_\_;

2) жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің/физического лица или представитель юридического лица \_\_\_\_\_;

3) куәлердің/свидетелей \_\_\_\_\_;

4) куәгерлердің/понятых \_\_\_\_\_;

12. Оған қатысты іс қозғалған жеке тұлға немесе заңды тұлға өкілі (Т.А.Ә. күні, орны)/Физическое лицо или представитель юридического лица, в отношении которого возбуждено дело (Ф.И.О., дата, место) \_\_\_\_\_

Іс бойынша шешімді сот немесе уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері \_\_\_\_\_

лауазымды адамы белгіленген мерзімде қабылдайтыны туралы/извещен о том, что решения по делу будет принято судом, в установленные сроки, либо должностным лицом территориальные подразделения уполномоченного органа

(күні, уақыты)/(дата, время)

мына мекенжай бойынша/по адресу \_\_\_\_\_ хабардар етілді

(хаттама жасаған адамның қолы)/(подпись лица, составившего протокол)

13. Хаттаманың көшірмесін алдым/Копию протокола получил

(қолы)/(подпись)

(тегі)/(фамилия)

(күні)/(дата)

Тіркеу № \_\_\_\_\_/Регистрационный № \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л

ш а р у а ш ы л ы ғ ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 2

қ а з а н д а ғ ы

№

1 5 - 0 5 / 9 4 1

б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л

ш а р у а ш ы л ы ғ ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

3

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

8 / 6 2 4

б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі/Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан

өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі/  
т е р р и т о р и а л ь н о е

подразделение уполномоченного органа в области защиты растений

пошталық мекенжайы, телефон, телефакс/почтовый адрес, телефон, телефакс

«\_\_\_\_\_»

\_\_\_\_\_

20

\_\_\_\_\_

жыл/год

(жеке тұлғаның және/немесе заңды тұлға басшысының тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда))

Өсімдіктерді қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы  
заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы № \_\_\_\_\_

**нұсқама/Предписание об устранении нарушений требований законодательства Республики Казахстан в области защиты растений № \_\_\_\_\_**

«Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 14-5-бабы негізінде, келесі фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыруға және орындауға НҰСҚАМА БЕРІЛЕДІ/На основании статьи 14-5 Закона Республики Казахстан от 3 июля 2002 года «О защите растений», ПРЕДПИСЫВАЕТСЯ организовать и провести следующие фитосанитарные мероприятия.

№ № п/п	р / с	Нұсқаманың мазмұны/Содержание предписания	Орындау мерзімі/Срок исполнения

Осы нұсқама міндетті түрде орындалуы тиіс. Жеке тұлға және/немесе заңды тұлғаның басшысы осы нұсқаманың орындалуы бойынша ақпаратты осы нұсқамада көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күн ішінде өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің атына жолдасын./Настоящее предписание подлежит обязательному исполнению. Физическому лицу и/или руководителю юридического лица, направить в адрес территориального подразделения уполномоченного органа в области защиты растений информацию по выполнению настоящего предписания в течение 7 (семь) рабочих дней по истечении указанных сроков в настоящем предписании. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің мекенжайы/Адрес территориального подразделения уполномоченного органа

Заңды нұсқаманы орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі тұлғалар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін./За невыполнение или ненадлежащее выполнение законных предписаний виновное лицо может быть привлечено к административной ответственности в соответствии со статьей 462 Кодекса Республики Казахстан от 5 июля 2014 года «Об административных правонарушениях».

Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор/  
Государственный инспектор по защите растений: \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/подпись, фамилия, имя, отчество (при его наличии))

Нұсқаманы алдым/Предписание получил: \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/подпись, фамилия, имя, отчество (при его наличии))

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_\_\_ жыл/год.

Тіркеу № \_\_\_\_\_ / Регистрационный № \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 2 қ а з а н д а ғ ы  
№ 1 5 - 0 5 / 9 4 1 б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
№ 8 / 6 2 4 б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

## **Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың хаттамалары мен нұсқамаларын жасау және шығару қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың хаттамалары мен нұсқамаларын жасау және шығару қағидалары (бұдан әрі - Қағида) «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың хаттамалары мен нұсқамаларын жасау және шығару т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы .

2. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау жөніндегі заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор өз құзыреті шегінде тексеру нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтардың сипаттамасына байланысты, бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқама (бұдан әрі - нұсқама) қою жасайды, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарады немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды және сотқа талап жолдайды.

### **2. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың хаттамалар мен нұсқамаларды жасау және шығару тәртібі**

3. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар нұсқамаларды және/немесе хаттамаларды екі данада жасайды.

4. Нұсқамаларда және/немесе хаттамаларда жеке тұлғаның немесе заңды тұлға басшысының не олардың өкілдерінің нұсқамамен және/немесе хаттамамен танысқаны не танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер көрсетіледі. Бір данасы өсімдіктерді қорғау саласындағы тексерілетін субъектіге беріледі, ал екіншісі өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторда болады.

5. Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары берген хаттамалардың және/немесе нұсқамалардың есебін жүргізеді және жоғары тұрған органның алдында есеп береді.

6. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған органдарға және (немесе) сотқа шағым жасалуы мүмкін.